

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Инженерия факультеті**  
**Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің**  
**№9 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

25.05.2023 ж.

**Қатысқандар:**

1. ФСҚЕК төрайымы – п.ғ.к., доцент міндетін атқарушы Қошанова Гүлназира
2. Хатшы – Ғ.А.Шукенова

**Комиссия мүшелері:**

1. Қошанова Г.Д – п.ғ.к., доцент міндетін атқарушы

**Комиссия мүшелері:**

2. Ниязова Г.Ж.- п.ғ.к., доцент
3. Жунисов Н.М – PhD, аға оқытушы
4. Садыбеков Р. – магистр оқытушы
5. Искендірова Гүлзипа - оқытушы
6. Баялы Өзімхан - аға оқытушы
7. Шукенова Ғалия – аға оқытушы
8. Ағабекова Ақтолқын – PhD, аға оқытушы
9. Мейірбекова Оксана – аға оқытушы
10. Кибишов А. Т. – магистр оқытушы
11. Бабахан Ш.А.- магистр, оқытушы
12. Егембердиев Дилмурад – ДИА-111 тобының докторанты
13. Исакова Диара – АИА-111 тобының магистранты
14. Нұржан Бибісара - 6B07153- Электр энергетикасы білім алушы
15. Абдуллаева Карина – ААЖ – 011, 3-курс студенті
16. Полатбекова Қарлығаш – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің орынбасары.

**Қатыспағандар: -****КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Қайта қаралған білім беру бағдарламаларының ҚР БҒМ Реестрінде сараптамадан өтіп, тіркелуін және рәсімделіп, қайта бекітілуін қадағалау.
2. ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігін қамтамасыз етілуін қадағалау.
3. Білім алушылардың академиялық және әлеуметтік қолдау қызметтерінің нәтижелілігіне мониторинг жасау.
4. Мамыр айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.

**1.Талқыланды.** Қайта қаралған білім беру бағдарламаларының ҚР БҒМ Реестрінде сараптамадан өтіп, тіркелуін және рәсімделіп, қайта бекітілуін қадағалау мәселесі бойынша «Компьютерлік инженерия» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент Г.Қазбекова сөз сөйлеп: Кафедрада ақпараттық технологиялар бағыты бойынша 2022-2023 оқу жылында бакалавр, магистратура, докторантура бойынша білім беру бағдарламалары дайындалды. БББ бойынша арнайы жұмыс тобы құрылған. Бағдарламаларды дайындауда жұмыс берушілерді қатыстырып, олардың ұсыныстарын ескерудеміз. Кафедра жұмыс тобы мүшелері жоспарға сәйкес сервис пәндері анықталғаннан кейін, оқыту нәтижелерін анықтады. Нәтижесінде пәндердің сипаттамасы дайындалды. БББ мазмұны толық жаңартылуда. Яғни, кейбір пәндерді жұмыс берушілердің ұсынысымен және студенттердің таңдауына сәйкес енгіздік. БББ жұмысын толық бітірген соң ҚР БҒМ Реестріне тіркейміз – деп атап өтті.

Келесі кезекте «Электр инженериясы» кафедрасының меңгерушісі, техн.ғ.к., доцент м.а. З.Қ.Абдикулова сөз алып: кафедрада білім беру бағдарламасы үш деңгей бойынша (бакалавр, магистратура, докторантура) дайындалуда. БББ жалпы құзыреттіліктерді академиялық бөлім, ал арнайы құзыреттіліктерді жұмыс берушілердің ұсыныстарына сәйкес кафедрадағы жұмыс тобы

дайындады. Сонымен қатар, оқыту нәтижелері анықталып, пәндер сипаттамасы да дайындалды. Магистратура бойынша дайындалған БББ ҚР БЖҒМ Реестіріне тіркеуге жіберіліп, тексеруде өтуде. Ал бакалавр бойынша БББ қайта дайындалып, өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы Г.Қошанова сөз алып, «Компьютерлік ғылымдар» кафедрасында БББ дайындалып, өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Және де БББ-ның ҚР БЖҒМ Реестрінде сараптамадан өтіп, тіркелуін және рәсімделіп, қайта бекітілуін қадағалау мәселелері бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті.

**Шешім:** Қайта қаралған білім беру бағдарламаларының ҚР БЖҒМ Реестрінде сараптамадан өтіп, тіркелуін және рәсімделіп, қайта бекітілуін толыққанды жүзеге асыру кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

**2.Талқыланды.** ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігін қамтамасыз етілуін қадағалау.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алған факультеттің сапамен қамтамасыз ету комиссиясының төрайымы Г.Қошанова: - БББ дайындауда академиялық нормативтік құжаттардың (ҚР БЖҒМ тиісті бұйрықтары) сонымен қатар Кәсіптік стандарт, университеттің БББ әзірлеу және жаңарту ережесін т.б. құжаттардың талаптары негізінде тиісті кафедралар БББ дайындау үстінде - деп атап өтті. Сондай-ақ, БББ дайындауда факультеттің және университеттің академиялық комитеті әдістемелік көмек көрсетіп жатқанын және де барлық нормативтік-құқықтық құжаттар кафедра меңгерушілерінде және университеттің сайтында сақталғанын атап өтті. Яғни, барлық нормативтік құжаттар қолжетімді және өзгеріссіз пайдалануда.

**Шешім:** ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігін қамтамасыз етілуін кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

**3. Талқыланды.** Білім алушыларын академиялық және әлеуметтік қолдау қызметтерінің нәтижелілігіне мониторинг жасау.

Факультеттің сапамен қамтамасыз ету комиссиясының төрайымы Г.Қошанова: - Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша талдаулар жасау барысында Инженерия факультетіне қарасты БББ дайындайтын кафедраларда білім алушыларды оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету толыққанды жолға қойылғаны анықталды. Атап айтқанда, БББ бойынша білімгерлер силлабустармен, лекциялар тезисімен және БӨЖ, ОБӨЖ әдістемелік нұсқаулықтармен, емтихан сұрақтарымен қамтамасыз етілген деп айтып өтті.

**Шешім:** Білім алушылардың академиялық және әлеуметтік қолдау қызметтері қанағаттанарлық деп танылсын.

**4.Талқыланды.** Мамыр айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау мәселесі бойынша мамыр айының сапамен қамтамасыз ету комиссиясының нәтижесін Г.Қошанова былай деп қорытындылады:

- Жоспар бойынша қарастырылған мәселелердің ең негізгісі БББ дайындау жұмысы, бұл негізгі жұмысты кафедраларда құрылған арнайы жұмыс тобы тарапынан орындалып жатқанын атап өтуіміз керек.
- Факультетке қарасты БББ бойынша білімгерлерді академиялық және әлеуметтік қолдау жұмыстары өз деңгейінде жүргізілуде.
- БББ дайындау барысында нормативтік-құқықтық құжаттар талаптары сақталуда және қол жетімді.

**Шешім:** Мамыр айында жүргізілген іс шаралар нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрайымы:



Г. Қошанова

Мәжіліс хатшысы:



Ғ. Шукенова